

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

ҚР ДСМ «Қарағанды мемлекеттік университеті» КеАҚ жанындағы «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес.

Диссертациялық кеңестің төрағасы болып м. ф. к. Омаркулов Бауыржан Каденович, «Қарағанды мемлекеттік университеті» КеАҚ 2021 жылғы 29 сәуіріндегі Сенат отырысында бекітілген (№9 Хаттама). Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары болып, м.ф.к., қауымдастырылған профессор Калишев Марат Гузаирович, ғалым хатшы болып, PhD Даулеткалиева Жания Абаевна тағайындалды.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер:

2021 ж. диссертациялық кеңестің 1 (бір) отырысы өткізілді.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Отырыстардың жартысынан кеміне қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі:

№	ТӘЖ	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	Оқу орны
1	Шаймбетов Жангельды Мырзагельдиевич	Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-элеуметтік аспектілері	1. Сатыбалдиева Умит Абулхайровна - медицина ғылымдарының кандидаты, Кәсіби аурулармен гигиеналық пәндер кафедрасының оқытушысы, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы 2. Мераба Путкарадзе – MD, PhD, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университетінің	ҚР ДСМ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

			аға оқытушысы, Батуми қаласы, Грузия мемлекеті	
--	--	--	--	--

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

Диссертация тақырыбы қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелеріне, атап айтқанда, Батыс Қазақстан аймақтарында кәсіби аурушандық деңгейі және оған ықпал ететін неғұрлым маңызды факторларға бағытталған.

1) Шаймбетов Жангельды Мырзагельдиевичтің «Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-әлеуметтік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Батыс Қазақстан облысындағы кәсіби аурушандық деңгейін анықтайтын негізгі факторларды және зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшыларға медициналық қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін дәлелдейді. Республика бойынша орташа есеппен Батыс Қазақстан аймағында экономикалық белсенді халықтың саны сәл жоғары және 66,3% - ды құрайды. Олардың ішінде 150 мыңнан астамы зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайды. Алайда аймақтағы кәсіби аурушандық көрсеткіші Республика бойынша ең төмендердің бірі. Сонымен қатар, өңірде орналасқан мұнай-газ өндіру, мұнай-газ өңдеу, тау-кен өнеркәсібінің ірі өндірістік кешендері, мұнай-химия өнеркәсібі кластері, құрылыс индустриясы кәсіпорындары өндірістік ортаның зияндылық дәрежесі және өндірістік процестердің ауырлығы бойынша зиянды және қауіпті болып табылады.

Қазақстанда соңғы 10-15 жылда көптеген кәсіпорындар мен ұйымдардың ұйымдық-құқықтық меншік нысандарының өзгеруіне байланысты кәсіпорындарда медициналық қамтамасыз ету жүйесі бұзылған, бұл жұмыс жасайтын халықтың сырқаттануы мен өлімнің өсу факторларының бірі болып табылады.

Аурудың кәсіппен байланысын сараптау технологиясын жетілдіруді талап ететін көптеген кәсіби аурулардың ағымының ерекшелігі мен көрінісінің өзгеруі, осы патологияның әлеуметтік бағдарлануы қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде оны көрсету тәсілдерін біріздендіруді қамтамасыз ететін кәсіби патологиялық көмек көрсету процестерін стандарттау қажеттілігін анықтайды.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Шаймбетов Жангельды Мырзагельдиевичтің «Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру жолдарының ғылыми негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан

Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі No 360-VI Кодексі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 12 тамыздағы No 112 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Қазақстан Республикасында кәсіптік патология бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 желтоқсандағы No1032 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы» 2012 жылғы 25 мамырдағы No374 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің м.а. «Міндетті медициналық қарап тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және “Алдын ала міндетті медициналық қарап тексерулерден өткізу” мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 15 қазандағы No 131 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Ауыр жұмыстар, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстар саласында, жерасты жұмыстарына еңбек шарттарын жасасу үшін, сондай-ақ халықтың декреттелген тобындағы адамдарды жұмысқа жіберу үшін медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 22 мамырдағы No379 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Инфекциялық, паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулар жағдайларын тіркеу, есепке алуды жүргізу қағидаларын және олар бойынша есептілікті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 16 қыркүйектігі No 127 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Кәсіптік қызметтің жекелеген түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзімен байланысты жұмыстарды жүзеге асыруға арналған медициналық психиатриялық қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 31 наурыздағы No188 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 мамырдағы No415 бұйрығы негізінде орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау:

- Диссертацияның негізгі ғылыми қағидалары Марат Оспанов атындағы БҚММУ 60 – жылдығына арналған «Медицина білімі мен ғылымындағы интеграция, серіктестік және инновация» Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясында (5 –6 қазан, 2017, Ақтөбе);

- «Актуальные вопросы медицины» и «Спутниковый форум по общественному здоровью и политике здравоохранения». VII Жыл сайынғы Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясында (2018, Баку, Азербайжан);

- The 22nd WONCA World Conference. October (Seoul 2018);

- The III International scientific and educational conference “The internationalization of continuing medical education. Prospection”. Minevra medica April 25-26 (Aktobe, Kazakhstan 2019);

- «Актуальные вопросы медицины труда в Казахстане: Хризотил и Здоровье». Медицина и экология. Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясында (1-2 қараша, 2018, Караганда) баяндалды.

Диссертациялық материалдары бойынша 11 ғылыми еңбек басылып шығарылды, оның ішінде 3 ҚР БҒМ ғылым және білім саласындағы бақылау Комитетінің ұсынылған басылымдарында, 5 жарияланым Халықаралық және шетел конференциялары жинақтарында; 2 мақала-шетел Scopus базасында “Georgian Medical News” және Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences журналында және 1 әдістемелік нұсқау болып шығарылды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

«ҚМУ» КеАҚ диссертациялық кеңесінің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер қаралып, бекітілді. Рецензенттер болып оқу және ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері мен атақтары мен жарияланымдары тағайындалды.

Рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытындыны бағалайтын жазбаша пікірлер ұсынды.

Докторанттардың ресми рецензенттерінің барлық пікірлері белгіленген мерзімде ұсынылды.

Диссертациялық «ҚМУ» Кеңес рецензенттердің жоғары кәсіби деңгейін және барлық рецензенттердің ғылыми принципті көрсете отырып, дәлелді қорытынды бере алатын мамандық бойынша терең білімі мен жетістіктері бар екенін айтады.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

ҚР ДСМ «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ жанындағы диссертациялық Кеңес диссертациялық кеңестердің өкілеттіктерін кеңейту жөніндегі ұсынысты қолдайды, өйткені бұл Болон декларациясының ережелерін қабылдауға бағытталған Қазақстандағы ғылымның даму логикасына сәйкес келеді. Диссертациялық кеңестердің өкілеттіктерін кеңейту бір жағынан олардың жауапкершілігін арттырады, екінші жағынан бәсекелестік ортаны кеңейтуге мүмкіндік береді және тұтастай алғанда жоғары оқу орындарының имиджіне әсер етеді.

Өтпелі кезеңде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертациялық кеңестерді лицензиялау қызметін және диссертациялық жұмыстардың талаптарға сәйкестігіне техникалық сараптаманы сақтау ұсынылады.

Диссертациялық жұмыстардың мазмұны бойынша сараптама диссертациялық кеңестерге қалдырылған жөн.

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының ерекшелігін ескере отырып, диссертациялық кеңестерге оларды қорғау кезінде диссертациялық жұмыстарды сараптау сапасын арттыру үшін диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде (нақты отырысқа) бейіні бойынша жетекші ғалымдарды қосуға рұқсат беруді ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер.

- 1) Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1;
- 2) қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

**Диссертациялық кеңестің төрағасы, м.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор** **Б. К. Омаркулов**

**Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, PhD** **Ж. А. Даулеткалиева**

2022 жылғы 12 қаңтар

